"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН000440001616

14.09.2021-ғы № 03-18/4240 шығыс хаты

«КазАгро-групп» ЖШС

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі - Департамент)* тарапынан, Сіздің 27.08.2021 жылғы №119488 санды өтінішіңізге сәйкес, «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (*бұдан әрі - Ұйымдастырушы*) ұйымдастырылған №6068023-1 «Жерге орналастыру және жер-кадастр жұмыстары» (*бұдан әрі - Конкурс*) ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жұмыстары жүргізіліп келесілер анықталды.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабының 1-тармағы 4)-тармақшасының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге келесі біліктілік талаптары қойылады:

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*бұдан әрі - қағидалар*) 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші, егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды) :

- конкурстық құжаттамаға 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбау, сол сияқты толық емес мәліметтерді ұсыну;

- конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі.

25.08.2021 жылғы №5639916 Қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «КазАгро-групп» ЖШС-нің конкурстық өтінімі төмендегідей себептермен шеттетілген «*Установления факта несоответствия квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям: Непредставление документов, требуемых в соответствии с условиями к потенциальному поставщику, определенными приложением 2-2 конкурсной документации: - автомашину повышенной проходимости для выезда по месту нахождения земельного участка; - Сертифицированное оборудование – GPS прибор, необходимый для выполнения указанных работ; -лицензионное программное обеспечение для обработки данных полевого обследования*

15.09.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

земельных участков и планово-картографических материалов; -Наличие квалифицированного персонала не менее 3 человек в сфере землеустройства.;».

Конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасында (*құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары*) әлеуетті өнім берушілерге материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптары белгіленгені анықталды, атап айтқанда «*Сертифицированное оборудование – GPS прибор, необходимый для выполнения указанных работ-1 бірлік; Лицензионное программное обеспечение для обработки данных полевого обследования земельных участков и планово-картографических материалов-1 бірлік; Автомашину повышенной проходимости для выезда по месту нахождения земельного участка-1 бірлік; Наличие квалифицированного персонала не менее 3 человек в сфере землеустройства*».

Алайда, камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «КазАгро-групп» ЖШС-нің конкурстық өтінімінің біліктілігі туралы мәліметтерінде мәлімделген материалдық және еңбек ресурстарының растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін (сілтемелерін) ұсынбағандығы анықталды.

Осыған орай, Конкурстық комиссия әлеуетті өнім «КазАгро-групп» ЖШС-нің конкурстық өтінімін Қағиданың 150-тармағына сәйкес конкурстарға қатысудан шеттеткен.

Жоғарыдалардың негізінде, Сіздің өтінішіңіздегі уәждемелер осы бөлігінде өз дәлелін таппағанын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Заңның 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының орынбасары **Т.Тултебаев**

✍*Орын: Бейсенбай К.*
☎: *8-7253-35-76-15*